

Қаламгерге құрмет - баршаға міндет

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Арқалық қаласының құрметті азаматы Жақсылық Жүнісұлы - 80 жаста.

Жарты ғасырға жуық қағаз бен қаламды серік етіп, өңіріміздің ақпарат саласын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан Жақсылық Жүнісұлының 80 жас мерейтойына арналып, қаламыздағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайында «Қарымды қаламгер» атты кеш өтті. Тағылымды шараның шымалдығы Мұрат Бекетұлының қарт қаламгердің 80 жасына арнаған жырымен ашылып, жырышы – термеші Қуанышбай ҚАЗЫМБЕК, қалалық «Аналар кеңесінің» төрайымы Бақыт-жамал ҚАЛТАЕВА сынды кісілер кеш иесінің еңбек жолы, өнегелі өмірі жайлы пікірлерін айтты.

Шараны ұйымдастырушы – жүргізуші Ернұр ӘУЕЗХАН Жақсылық Жүнісұлына кітаптарының шығу тарихы, ағамыз сыйлас – замандас болған атақты тұлғалардан алған тағылымы жайлы сұрап, өмірден түйгені көп көнекөз қария келер ұрпаққа айтар ақыл – кеңесі мен бата – тілегін де арнады Жақсылық Жүнісұлы еңбек жолы Жангелдин аудандық атқару комитетінің нұсқаушылығынан бастап, кейін өзі тандаған мамандық тілшілікке бет бұрып, «Жаңа өмір» газетіне қызметке ауысты. Қаламгерлікке күштарлығы қара шаңырақ білім ордасы ҚазҰУ-не жетелеп



әкеліп, журналист мамандығын меңгеріп шықты. Әрі қарай кәсіби тілші ретінде 1968 ж. арнайы жолдамамен облыстық «Коммунист таңы» (бүгінгі «Қостанай таңы») газетінің редакциясына жұмысқа қабылданып, сол жерде ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, облыстық «Торғай таңы» газетінің бөлім меңгерушісі, редакцияны жауапты хатшысы, редактордың орынбасарлығына дейінгі жауапты қызметтерді абыроймен

атқара білді.

Жақсылық ағаның қаламынан туған тұшымды дүниелер оқырманды бей – жай қалдырмай, ерекше әсерге бөлері анық. Ақпаратты талдап – тандап жазудағы шеберлігі бір төбе.

Қаламгердің әр жылдары түрлі тақырыпты арқау еткен : «Сыр сандық», «Дала дарбаздары», «Жылдар жаңғырығы», «Топ жарғандар туралы толғау» сынды кітаптары жарық көрген.